

## Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 03 ақпандағы № 1019 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 ақпанда № 5732 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі № 1191 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 14.09.2017 № 1191 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Шиелі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

#### 1. Жұмыс орындарының квоталары:

1) пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

2) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

3) ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін 2017 жылға ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан Шиелі ауданының ұйымдарында жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шиелі ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шиелі ауданының әкімі*

*Қ. Сәрсенбаев*